

## Қарғалы ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 22 мамырдағы № 155 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 маусымда № 5524 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 244 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімдігінің 21.12.2022 № 244 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 27 баптарына Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарғалы ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары І.Тынымгереевке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Р.Сыдықов*

Қарғалы ауданы әкімдігінің 2017  
жылғы 22 мамырдағы № 155  
қаулысына қосымша

## Қарғалы ауданында көшпелі сауданы іске асыруға арналған орындар

№	Елді мекеннің атауы	Саудаға арналған орындар	Орындар саны
<i>Әлімбет ауылдық округі</i>			
1	Әлімбет ауылы	Қазақстан көшесі № 66 үйдің алдында	1
2	Шандыаша ауылы	Орталық көшесі № 16 "б" үйдің алдында	1

<i>Ашылысай ауылдық округі</i>			
3	Ашылысай ауылы	Каструбин көшесі № 12 үйдің алдында	1
4	Бозтөбе ауылы	В.Жук көшесі № 44 үйдің алдында	1
5	Ақкөл ауылы	Достық көшесі № 6 үйдің алдында	1
<i>Велиховка ауылдық округі</i>			
6	Велиховка ауылы	Орталық көшесі № 37 үйдің алдында	1
7	Ақжайық ауылы	Бауыржан Момышұлы көшесі № 55 үйдің алдында	1
<i>Желтау селолық округі</i>			
8	Петропавл ауылы	Жеңіс көшесі №1 үйдің алдында	1
9	Шәмші Қалдаяқов ауылы	Абылай хан көшесі № 1 үйдің алдында	1
<i>Қосестек ауылдық округі</i>			
10	Қос-Естек ауылы	Абай көшесі № 91 үйдің алдында	1
<i>Кемпірсай ауылдық округі</i>			
11	Жосалы ауылы	Тың жер көшесі №28 және №32 үйлер аралығы	1
12	Кемпірсай ауылы	Орталық көшесі № 31 және № 35/1 үйлер аралығы	1
13	Қарабұтақ ауылы	Юрий Гагарин көшесі № 2 және № 4 үйлер аралығы	1
<i>Степной ауылдық округі</i>			
14	Степной ауылы	Д.А.Қонаев көшесі № 2 үйдің алдында	1
15	Қайрақты ауылы	Әбілқайыр хан көшесі № 28 үйдің алдында	1
<i>Бадамша ауылдық округі</i>			
16	Бадамша ауылы	В.Пацаев көшесі № 3 үйдің алдында	1
	Бадамша ауылы	Әйтеке би көшесіндегі № 38 және № 40 көп қабатты тұрғын үйлердің аралығы	1

